

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз-хатшысы қызметінің Мәскеу бюросы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 қараша 1993 ж. N 1105

Қазақстан Республикасының Баспасөз-хатшысы қызметінің жұмыс тиімділігін арттыру, Президент пен республика Үкіметінің қызметін ақпаратпен қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанынан екі адамнан - Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілдігінің (Елшілігінің) Кеңесшісі деңгейіндегі Бюро жетекшісінен және Қазақстан Республикасы Өкілетті Өкілдігінің (Елшілігінің) екінші хатшысы деңгейіндегі референттен тұратын Қазақстан Республикасының Президенті Баспасөз-хатшысы қызметінің Мәскеу бюросы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілдігін (Елшілігін) ұстауға кететін шығыс сметасында Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз-хатшысы қызметінің Мәскеу бюросының екі қызметкерін ұстауға қажетті қаржы бөлінуін көздерін.

3. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілі (Елшісі) Президент Баспасөз хатшысы қызметінің Мәскеу бюросының жұмысына, оның Ресей Федерациясындағы Өкілетті Өкілдіктің (Елшіліктің) қызметтерімен өзара іс-қимыл жасауына тиісті жағдай туғызылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі